«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АКАДЕМИЯ УПРАВЛЕНИЯ МИНИСТЕРСТВА
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

_____№24_____
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№_____26.02.2026_____
город Астана

Академиялық сапа жөніндегі кеңесті құру туралы

Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, магистратура, докторантура білім беру бағдарламаларын және басшы құрамды даярлау бағдарламаларын іске асыру сапасын арттыру мақсатында, сондай-ақ 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарына (ESG) сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Академиялық сапа жөніндегі кеңесі құрылсын.

2. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже бекітілсін.

3. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамы айқындалсын:
- оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Сейтжанова Н.К.;
- ҒЗИ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Хакимов Е.М.;
- арнайы даярлық кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Приходько И.С.;
- ғалым хатшы, полиция полковнигі Айтуарова А.Б.;
- қылмыстық-атқару жүйесінің қызметтік қызметі кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Искаков А.К.;
- жалпы даярлық кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Баймуханов Е.М.;
- Ұлттық ұланның қызметтік және жауынгерлік қызметі кафедрасының бастығы, полковник Рахметов Д.Ж.

4.Факультеттер мен кафедралардың басшылары Академиялық сапа жөніндегі кеңестің ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етсін.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бастықтың міндетін уақытша атқарушы
полиция полковнигі **Ж. Дильбарханова**

1- қосымша

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер
   1. Академиялық сапа жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің алқалы консультативтік-кеңесші органы болып табылады.
   2. Кеңес білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, білім беру процесінің тиімділігін арттыру, Академияда сапа мәдениетін дамыту және білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету мен жетілдіру мәселелері бойынша Академияның құрылымдық бөлімшелеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылады.
   3. Кеңес өз қызметінде:
      - 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын;
      - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын;
      - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
      - Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығын (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area – ESG);
      - Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Академиялық саясатын;
      - Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету саясатын;
      - Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және Академияның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

Кеңестің негізгі міндеттері:
- білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау;
- білім алушыларды бағалау саясатын қарастыру;
- білім беру сапасын мониторингтеу нәтижелерін талдау;
- білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін қарастыру;
- академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы мәселелерін қарастыру;
- білім беру бағдарламаларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3. Кеңестің құрамы
   1. Кеңестің құрамы Академия бастығының бұйрығымен қалыптастырылады.
   2. Кеңес құрамына келесілер кіре алады:
- Академия басшылығы;
- профессорлық-оқытушылық құрам;
- құрылымдық бөліністердің өкілдері;
- білім алушылар.

4. Кеңес қызметін ұйымдастыру

- Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

- Кеңес отырысы оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

- Кеңес шешімдері қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

- Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады және Академияның Ғылыми кеңесі отырыстарында қаралады.

5. Қорытынды ережелер

Кеңес қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді Академияның оқу-әдістемелік бөлімі жүзеге асырады.